

**"2025 – 2027 жылдарға арналған М. Шәменов ауылдық округінің бюджеті туралы"
Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 28-17 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2025 жылғы 9 шілдедегі № 32-18 шешімі

Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2025 – 2027 жылдарға арналған М. Шәменов ауылдық округінің бюджеті туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 28-17 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025 – 2027 жылдарға арналған М.Шәменов ауылдық округінің бюджеті осы шешімнің тиісінше 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 172 281 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3 780 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 168 501 мың теңге;

2) шығындар – 172 448,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -167,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 167,5 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 167,5 мың теңге."

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық мәслихат төрағасының міндетін атқарушы

Қ.Досымов

Жалағаш аудандық мәслихатының

2025 жылғы 9 шілдедегі
№ 32-18 шешіміне қосымша
Жалағаш аудандық мәслихатының
2024 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 28-17 шешіміне 1-қосымша

2025 жылға арналған М.Шәменов ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			Кірістер	172281
1			Салықтық түсімдер	3780
	1		Табыс салығы	950
		2	Жеке табыс салығы	950
	04		Меншікке салынатын салықтар	2790
		1	Мүлікке салынатын салықтар	80
		3	Жер салығы	50
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2250
		5	Біріңғай жер салығы	410
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	40
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	40
2			Салықтық емес түсімдер	0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0

	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4			Трансферттердің түсімдері	168501
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	168501
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	168501
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			Шығындар	172448,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	49496,5
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	49496,5
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	49496,5
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	9000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	9000

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3500
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3000
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2500
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	42358
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	42358
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	42358
12			Көлік және коммуникация	1000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент ауылдық округ әкімінің аппараты	1000
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	1000
13			Басқалар	70594
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	70594
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық	1560

			елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	
		057	"Ауыл –Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шаралар іске асыру	69034
			Бюджет тапшылығы (профициті)	-167,5
			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(167,5
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	167,5
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	167,5